

**«6D 020800- Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған  
Мургабаев Сагынбай Серикбаевичтің «Үлкен Қаратау петроглифтері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми  
рецензенттің**

**СЫН-ШҚІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>1.1 <b>Мургабаев Сагынбай Серикбаевичтің «Үлкен Қаратаудың петроглифтері»</b> атты диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына бағытталған және «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламалардың бағытына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында Қазақстанның оңтүстік аймағындағы Қызылорда, Түркістан, Жамбыл облыстарын бойлай орналасқан Үлкен Қаратау жотасында 1998-2020 жылдары анықталған жартас суреттері сарапталады.</p> <p>1) Диссертацияның кейбір тарауларын жазу барысында №5575/ГФ4 «Үлкен Қаратаудың тасқа салынған суреттері» атты бағдарлама аясында автор жетекшілік еткен археологиялық зерттеулердің нәтижелері келтірілген</p> <p>2) «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламалар аясында Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын зерттеу қазіргі қоғамның рухани дамуының негізін зерделеуге бағытталған. Ізенуші осы зерттеулердің нәтижелерді негізге ала отырып жұмысын қарастырған.</p> <p>3) С.С.Мургабаевтың диссертациясы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2024 жылдардағы ғылыми дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағыттарына сәйкес келеді</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	С.С.Мургабаевтың осы диссертацияға материал жинау барысында 1998-2020 жылдар аралығында бұрын ғылымда белгісіз 70 – тен астам петроглифтердің жаңа шоғырының анықтаған. Яғни өте үлкен көлемдегі материалдық қор жиналған деген сөз. Сондықтан жаңа материалдардың негізінде бұрыннан қалыптасқан жартас суреттерін мерзімдеу мәселесіне толықтырулар енгізудің



			<p>қажеттілігі туып отыр. Диссертант жаңадан анықталған аса құнды материалдарды сұрыптап, оларды ғылыми түрде сараптау негізінде Қаратаудың жартас суреттерінің мерзімдік шегараларын айқындау мәселесінде жақсы жаңалықтарға қол жеткізе білген.</p> <p>Зерттеу жұмысының және бір ұтымды тұстары әр тарихи кезең мен аймақтың ежелгі тұрғындарының өмірінен – шаруашылығы, әдет-ғұрпы мен мифологиялық дүниетанымынан сыр шертетін археологиялық дерек көзі ретінде қарастырып, ежелгі кезеңдерде болуы ықтимал мәдени, саяси ықпалдар мен қарым-қатынастардың ашып көрсетуге нық қадамдар жасаған. Археологиядағы қола және ерте темір кезеңіндегі, бейнелеу өнерінің пайда болуы мен таралуына байланысты мәселерге өз ойын қоса білген. Мысалы, бұған дейінгі зерттеулерде қарастырылып отырған аймақтың ең ежелгі жартас суреттері жасы б.з.д. II м.ж. екінші жартысы деп көрсетілген болса, жаңа материалдар негізінде олардың алғашқылары б.з.д. III м.ж соңы мен б.з.д. II м.ж. басы екендігі анықталып отыр. Сараптама негізінде осы аймақтарға тән, жергілікті бейнелеу үрдісінің негізінде дамыған образдар мен сарындарды бөліп көрсетіп, олардың пайда болуы мен даму кезеңдерін ашып көрсетуге тырысқан. Осы сараптаманың негізінде көршілес аудандармен болған байланыстардың кезеңдерін ашып өлкенің ғылыми тұжырымдалған тарихи-мәдени келбетін ашуға қадамдар жасалған. Жаңадан толықтырылып отырған сюжеттер мен көріністердің ішкі мәні мен семантикасын талдауды жаңа қырынан қарастырып, ежелгі тұрғындардың рухани дүниетанымын бәз қалпында түсіндіру мақсатында мифологиялық, энографиялық материалдармен салыстыра қарастыра білген. Бұл диссертациядағы жартас суреттеріндегі жаңа мәліметтер еліміздің Евразия құрлығындағы тарихи орнын айқындай түседі және ғылымға елеулі үлесін қосады. 2.1. Қосады, ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа;	Мургабаев Сагынбай Серикбаевичтің диссертациялық жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. Жинақталған үлкен материалдық қорды толық игере білген және салыстырмалы саралау, тұжырымдау,

		<p>3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>өзіндік пікірін білдіруде өзі жазу принциптері сақталған. Ғылыми әдебиеттер, мұрағат құжаттар салыстырыла отырып, талданып берілген. 3.1 Жоғары</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі Кіріспеде негізделген. Бұл ғылыми еңбектің тақырыбы өте өзекті және дер кезінде қолға алынған тақырып. Оған бірінші себеп ақпараттық құндылығы жоғары бұл ескерткіштер тірінің таулы аймақтарды түрлі шаруашылық мақсатта игеру байланысты мүлдем жойылып кету қауіпі төніп тұр. Бұл археологиялық ескерткіштер түрін зерттеу өткен ғасырдың соңында қолға алынып бірқатар ескерткіштер ғылыми айналымға енген болатын. Дегенмен одан бергі уақытта тек қана біз қарастырып отырған аймақтың ғана емес, сондай-ақ ежелгі өнер туындыларының бұл түріне байланысты мәліметтер легі құрлықтың басқа бөліктерінде де көбейіп отыр. Қаратаудың жартас суреттері өткен ғасырдың 70 жылдары басталған Оңтүстістік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының (ОҚКАЭ) барлау-зерттеу жұмыстары барысында арнайы археологиялық тұрғыдан зерттеліп, Қаратаудың солтүстік сілемдеріндегі Қойбағар, Арпаөзен, Қошқар ата сияқты бірнеше ескерткіш ғылыми айналымға енген болатын. Дегенмен Оңтүстігінде Сырдария алқабы мен Қызылқұм, яғни ежелден қалалық және отырықшы мәдениет ошақтарымен шектесетін, солтүстігінде ежелгі металлургтер мен көшпелі мәдениет ошақтарымен шеткесіп жатқан, бірнеше мәдени ошақтардың тоғысатын тарихы санқилы Қаратау жотасы 420 км созылып жатқан ерекше аймақ екені белгілі. Диссертанттың 20 жылдан астам уақытта осы үлкен Қаратау жотасында жетпістен астам жаңа шоғырларын ашып ғылыми айналымға енгізген. Қолда жинақталған материалдарды сараптау арқылы аймақтың жартас суреттерінің мерзімдік шегералары ашып көрсету, ежелгі тұрғындардың шаруашылығы, материалдық мәдениеті, рухани өмірі т.б. көптеген тарихи құнды деректерге қол жеткізу болып табылған. Бұл тек қана зерттеуші мамандар үшін ғана емес, сонымен қатар ел тарихын әспеттейтін көпшілікке қызығушылық</p>



		<p>тудыратын өзекті мәселе. Сондықтан бұл көп аспектіні қамтитын тақырып. Соның ішінде тарихи және ұлттық сананың қалыптасуы, тарихи-мәдени мұраны сақтау, қорғау және алдағы уақытта пәнаралық зерттеулер жүргізу. Сондықтан тақырыптың өзектілігі негізделген деп санаймын.</p> <p>4.1 Негізделген</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыпты толық ашады. Зерттеу жұмысы кіріспеден, төрт тараудан, қортындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен жеті қосымшадан тұрады. Ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары зерттеудің мазмұнын айқындауға сәйкестігімен сипатталады.</p> <p>4.2 Айқындайды</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбында қойылған мәселені шешуге сәйкес келеді. Барлық тараулар бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда байланыса тақырыптың мақсаты мен міндеттерін ашады.</p> <p>4.3 Сәйкес келеді</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен толық байланысқан. Тараулар мен тармақшалардың қортындылары үндеседі. Қазіргі таңдағы жартас суреттерін зерттеудің замануи әдістері талдау, зерттеліп отырған жартас суреттерін Қаратаудың табиғи-тарихи аудандарға бөліп қарастырып, толық сипаттамасын беру, оларды мерзімдік көрсеткіштеріне байланысты топтастыру, оларды әр кезеңге байланысты семантикасын ашу сияқты бір-бірін логикалық толықтырып отырады. Сондай-ақ қосымшада барлық сараптаманың дәлелдік базасы жақсы көшірмелер мен фотосуреттермен көрсетілген. Ізденушінің қол жеткізген нәтижелері бірін-бірі толықтыра отырып, өзара құрылымдық сабақтастығынан ауытқымай, жүйелі түрде айтылған пайдаулары еңбектің маңыздылығын арттырады.</p> <p>4.4 Толық байланысқан.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен</p>	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелді бұрыннан белгілі шешімдермен қарастырып сыни талдау жасаған. Әдіс-тәсілдер орынды қолданып, тарихи фактілерге негізделген ойларын өз</p>



		салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	жұмысында тұжырымдап баяндаған. Зерттеу жұмысының ерекшелігіне байланысты проблемалық - хронологиялық және аудандастыру әдістері, ішкі семантикасын талдау әдістерінің кеңінен қолданылуы жұмысты жазу барысында хронологиялық және аумақтық принципін ұстануға негіз болды. 4.5 Сыни талдау бар.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u> ; 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелері мен пікірлері толығымен жаңа деп айтуға болады. Зерттеу барысында келесі жаңалықтарға қол жеткізген: 1. Үлкен Қаратау жотасында соңғы оншақты жылдың көлемінде ХҚТУ археология ғылыми-зерттеу орталығының археологиялық экспедициясының барлау, зерттеу жұмыстары барысында автордың қатысуымен 70-ке жуық жартас суреттері бар ескерткіштердің жаңа орындары анықталып отыр. Осы ескерткіштердің арасынан диссертацияға төрт табиғи-географиялық аймаққа бөліп қарастырылған Қаратаудың әр аймағынан жалпы 25 ескерткіш таңдалып ғылыми айналымға енгізілген. 2. Таңдалған нысандардың қазіргі таңдағы тарихи топографиясын кешенді түрде көрсету мақсатында жартас суреттері бар ескерткіштердің таралу аймағын айқындайтын топокарта жасалған. 3. Жартас суреттерін зерттеу жұмыстарының әдістік-әдістемелік мәселесіндегі бұрыннан белгілі және жаңаша заманауи зерттеулерге тоқталып, бұл ескерткіш түрін іздестіру, тіркеу, құжаттау, мерзімін анықтау сияқты бірнеше сатылы зерттеулердің қарастырылып отырған аймаққа тиімділігін ашып көрсеткен; 4. Аймақтың қазіргі таңға дейінгі қалыптасқан б.з.д. II м.ж. ортасы деп көрсетілген хронологиялық шегараларына, анықталған жаңа материалдардың негізінде ауданның ең ежелгі бейнелерінің мерзімдік көрсеткіштеріне б.з.д. III м.ж. соңы мен б.з.д. II м.ж. басы деген толықтырулар енгізілген. 5. Мерзімдік сараптаманың негізінде қола, ерте темір, ертеортағасырлық кезеңдерінде аталмыш ауданмен басқа аймақтардың арасындағы байланысты жартас суреттерінің материалдары арқылы анықтап көрсеткен.

			<p>6. Әр кезеңнің бейнелерін сараптама жасау барысында жергілікті үрдісте дамыған тек қана осы аймақтарға тән, қола дәуірінен бастап тарихи сабақтастықты сақтай отырып кейінгі кезеңдерде кеңінен тараған «ойсыл қара» стилінің ерекшеліктері көрсетілген.</p> <p>7. Үлкен Қаратаудың жартас суреттері өз бастауын қола дәуірінен алатын кейбір образдар мен стилистикалық өзгерістерді саралай отырып сақ-скиф өнеріндегі аң стилінің қалыптасуына қосқан үлесі көрсетілген;</p> <p>8. Бұған дейінгі ауданның жартасқа бейнелеу ескерткіштерінде қарастырылмаған ортағасырлық кезеңге тән бейнелері бөліп көрсетілген.</p> <p>9. Жартас суреттерінде кездесетін кейбір көріністерді ежелгі және ортағасырлық мифологиялық мәтіндермен, сондай-ақ бірқатар этнографиялық материалдарымен жаңа қырынан салыстыра отырып, сараптап, аймақтың ежелгі тұрғындарының рухани дүниетанымына байланысты мәліметтер берілген.</p> <p>5.1 Толығымен жаңа</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Диссертацияға еніп отырған Үлкен Қаратаудың жаңадан анықталған жартас суреттерін ғылыми айналымға енгізіп, олардың мезімдік шегараларына ғылыми тұжырымдалған өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп отыр. Бұл жұмыста алғаш рет ортағасырлық кезеңнің жартас суреттері жеке тарау ретінде қарастырылған. Тақырып кешенді зерттеу нысан алынған және жұмыстың нәтижелері мен тұжырымдары зерттеу мазмұнына сәйкес. Зерттеу барысында қолданылған әдістер тиімді, зерттеу жүйелі түрде жоспарланған.</p> <p>5.2 Толығымен жаңа.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып</p>	<p>Диссертациялық жұмыс «6D 020800- Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленген және техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерін талқылауды талап етпейді.</p>



		табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыста зерттеушінің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Ізденуші жалпы тоғыз қағидат ұсынған, зерттеу барысында олардың барлығы зерделеніп, дәлелденген. Қағидат мазмұны өзекті, ал зерттеу нәтижелерінің қорытынды тұжырымдары жаңа және ақпараттылығы жоғары болып табылады.</p> <p>1-қағидат. Жартас суреттері бар нысанның саны көбейген сайын олардың бізге берер ақпараттық мәліметтері де көбейе түсетіндігі заңдылық. Әсіресе қола дәуірі мен ерте көшпенділер кезеңіне байланысты ескерткіштер саны өте көп. Қола дәуірінің жартас суреттерінің мерзімдік шекараларын ашып көрсетуде соңғы жылдары анықталған қола дәуірінің жерлеу орындарындағы қазба жұмыстарының нәтижелері де қосалқы дәлел ретінде берілген. Олар Сауысқандық, Шалабай, Дәуітбайсаз петроглифтерінің қасындағы Бағаналы қорымы, Қарасүйір қорымы, Майдантал петроглифтері жанындағы Жасажырық қорымдары. Ал Сақ дәуірінің алғашқы кезеңдеріне тән материалдарды Жетітөбе қорымының нәтижелері де көрсетіп отыр. Сондықтан белгілі бір дәрежеде өлкенің ежелгі кезеңдерге байланысты тарихи бетпердесін қалпына келтіруге жаңа материалдардың негізінде алғашқы қадамдар жасалынған.</p> <p>7.1 Дәлелденген</p> <p>7.2 Тривиалды емес</p> <p>7.3 Қағидаттар жаңа</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5 ия</p> <p>2-қағидат. Археология саласында петроглифтерді зерттеу барысындағы жұмыстардың әдістік-әдістемелік мәселелері әркелкі. Олардың кейбірі заман талабына сай келмей тоқтатылып жатқанымен, ғылым мен техниканың дамуына байланысты жаңаша</p>

			<p>заманауи пәнаралық зерттеулермен толықтырылып отырғандығын көреміз. Дегенмен де табиғи аймақтық тау қыртыстарының ерекшеліктері мен суреттің салыну техникасына және т.б. сәтүрлі факторларға байланысты зерттеу әдістері барлық жағдайда тиімді бола бермейді. Сол бірнеше сатылы зерттеулердің қарастырылып отырған аймаққа қаншалықты тиімді екендігін барынша ашып көрсеткен. Бұрын аймақтың жартас суреттерінде кездеспеген қола дәуірі, ерте темір дәуірінің басқа кезеңдеріне жататын бейнелер, тұтас сюжеттер мен композицияларға да талдаулар жасалынып, олардың кейбіреулерін заттық үлгілермен салыстырып мерзімін анықтау, әсіресе радиокарбондық C-14 сынама нәтижелері бар ескерткіштермен бірге қарастыру заманауи әдістер сияқты назардан тыс қалған мәселелерді қарастыра білген.</p> <p>7.1 Дәлелденген  7.2 Тривиалды емес  7.3 Қағидаттар жаңа  7.4 Қолдану деңгейі кең  7.5 ия</p> <p>3-қағидат. Үлкен Қаратау жотасы солтүстігінде Бетпақ даламен, шығысында Талас Алатауы, оңтүстік, оңтүстік батыс аймақтары Сырдария алқабы және Қылылқұммен шектесіп жатыр. Бұл табиғи ерекшелік ежелгі халықтардың шаруашылығына, тұрмысына, діни наным-сенімдеріне т.б. көптеген факторларға ықпал ететіндігі белгілі. Сондықтан Үлкен Қаратау жотасын Солтүстік-батыс, Орталық, Оңтүстік-шығыс және Солтүстік сілемдері деп төрт табиғи-географиялық ауданға бөліп қарастырған.</p> <p>7.1 Дәлелденген  7.2 Тривиалды емес  7.3 Қағидаттар жаңа  7.4 Қолдану деңгейі кең  7.5 ия</p> <p>4-қағидат. Жартас суреттері археология саласындағы зерттелуі ( мерзімделуі, ішкі мағыналық мәні, пайда болу себептері т.б.) қиын нысандардың бірі. Өлкенің әр тарихи кезеңдеріне тән жартас суреттерінің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін ашу арқылы</p>
--	--	--	---



			<p>бейнелеу өнеріндегі кейбір элементтердің шығуы мен таралуын айқындауға қол жеткізген. Аймақтың жартасқа бейнелеу өнеріндегі жергілікті үрдісте немесе миграциялық, саяси не мәдени ықпалдардың нәтижесінде қалыптасқан айырмашылықты ашып көрсету, өз кезегінде ежелгі ықпалдар мен байланыстардың уақытын межелеп көрсете білген.</p> <p>7.1 Дәлелденген 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 ия</p> <p>5-Қаратаудың 70 - жылдарда жинақталған материалдардың негізінде жасалған аймақтың жартас суреттерінің ең ежелгі бейнелерінің б.з.д. II м.ж. ортасы деген мерзімдеу көрсеткішінің жаңа деректер мен оларға жасалған сараптаманың негізінде б.з.д. III м.ж. соңы мен б.з.д. II м.ж. басы екендігі айқындап көрсеткен.</p> <p>7.1 Дәлелденген 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 ия</p> <p>6-Ауданның жартас суреттерінің стильдік, мәнерлік ерекшеліктеріне сараптама жасаудың нәтижесінде, осы ауданға ғана тән жергілікті үрдісте дамыған «ойсыл қара» стилін бөліп көрсетіп, олардың пайда болуы мен қалыптасу кезеңдері сабақтастық тұрғысында анықтап көрсете білген.</p> <p>7.1 Дәлелденген 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 ия</p> <p>7-Үлкен Қаратаудың жартас суреттерінде кейбір сюжеттер мен образдар қола дәуірінде қалыптаса бастаған. Дегенде кейінгі кезеңдерде өзінің тақырыптық ерекшеліктерін сақтай отырып стилистикалық өзгеріске ұшырай бастайды. Бұл ерешелік сақ-скиф</p>
--	--	--	--

өнеріндегі аң стилінің қалыптасуына қосқан үлесін ашып көрсетуге мүмкіндік беріп отыр.

7.1 Дәлелденген

7.2 Тривиалды емес

7.3 Қағидаттар жаңа

7.4 Қолдану деңгейі кең

7.5 ия

8-Сонымен қатар ауданның ортағасырлық кезеңдеріне тән жаңа деректермен толықтырылуы жартас суреттерінің деректік құндылығын арттырып отыр. Ортағасырлық таңбалар, аңшылық, шаруашылық тақырыбындағы мәселелер жазба деректер мен этнографиялық материалдар арқылы қарастырылып, кейбір этникалық топтардың шегаралырын айқындап көрсете білген. Сондай-ақ, еліміздің бейнелеу өнерінің ескерткіштерін толықтыра түседі.

7.1 Дәлелденген

7.2 Тривиалды емес

7.3 Қағидаттар жаңа

7.4 Қолдану деңгейі кең

7.5 ия

9- Аймақтың жартас суреттерінде кездесетін кейбір көріністер мен бейнелерді ежелгі және ортағасырлық мифологиялық мәтіндермен, сондай-ақ бірқатар этнографиялық материалдарымен жаңа қырынан салыстыра отырып сараптап, аймақтың ежелгі тұрғындарының рухани дүниетанымына байланысты мәліметтер берілген. Алынған мәліметтерді теориялық-практикалық тұрғыда қолдану зерттеу жұмысының негізі болып табылады.

7.1 Дәлелденген

7.2 Тривиалды емес

7.3 Қағидаттар жаңа

7.4 Қолдану деңгейі кең

7.5 ия

Зерттеу тақырыбы бойынша 2018 жылдан бері 13 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен



			тізімдегі басылымдарда 5 ғылыми мақала, халықаралық және республикалық конференцияларда 4 мақала, «Scopus» ақпараттық базасына кіретін журналдарда 3 мақала жарияланды, РИНЦ базасына кіретін журналда 1 мақала.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Әдістеменің таңдауы жақсы жазылған. Жұмыстың әдіснамалық негізін нысанды сол кездегі тарихи даму процесімен бірге қарастыратын тарихилық принципі және материалдарға деректанулық пен тарихнамалық талдау жүргізу үшін маңызы зор ғылыми объективтілік принциптер құраған. Сонымен бірге диссертацияны жазу барысында салыстырмалы-тарихи, сандық талдау, проблемалық-хронологиялық және аудандастыру әдістерін қолдану арқылы жүргізген. 8.1 Ия
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу жұмысы әр кезеңнің жартасқа салынған суреттерге байланысты болғандықтан, тақырыптың спецификалық ерекшеліктеріне сай компьютерлік технологиялар қолданылмаған. 8.2 Жоқ
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық тұжырымдар зерттеулермен дәлелденген және расталған. Үлкен Қаратаудың жартас суреттері толық ғылыми тұрғыда сарапталған. Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар нақты материалдарға және кейінгі зерттеушілердің пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған. 8.2 Ия
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара	Диссертациялық жұмыстың теориялық, методологиялық негізі дұрыс. Зерттеу жұмысында көрсетілген құнды мәліметтер сенімді және нақты. Ғылыми әдебиеттерге сілтеме расталған. Зерттеу

		расталған / расталмаған	Үлкен Қаратау петроглифтерін зерттеуге арналғандықтан, Үлкен Қаратаудың әр тарихи кезеңдерінің жартас суреттері, басты образдары мен сюжеттері талданып, қарастырылып отырған мәселе бойынша басқа зерттеушілердің еңбектері талданып, мұрағат материалдар мен де жұмыс жасалған. 8.4. Расталған
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 230 библиографиялық сипаттамадан тұрады. Тақырыпқа сай мұрағаттық материалдары, диссертациялық жұмыстар, ғылыми мақалалар мен еңбектер тізімі ұсынылған 8.5. Жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеуде ұсынылып отырған нәтижелері отандық тарих, археология ғылымдарының дамуына өз үлесін қосады. Зерттеу барысында пайдаланылған теориялық-методологиялық ұстанымдары мен принциптерін келешекте жүргізілетін басқа да зерттеулерде пайдалануға болады 9.1. Ия.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының нәтижелерін практикада қолдануға болады. Зерттеудің нысаны Үлкен Қаратау петроглифтері болғандықтан, диссертациялық жұмыста ұсынылған тұжырымдар еліміздің жоғарғы оқу орындарында «Қазақстан археологиясы», қола, ерте темір, ортағасырлық кезеңдердегі Үлкен Қаратаудың жартасқа бейнелеу өнері жайлы топтама еңбектер, оқулықтар жазуда, тарихи ескерткіштердің аймақтық маршруттарын ұйымдастыруға, әр түрлі маңыздылықтағы аймақ тарихына байланысты көрмелер ұйымдастыруға кеңінен пайдалануға болады. 9.2. Ия
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі отандық тарих ғылымында Қаратаудың жартасқа салынған суреттері толығымен анықталып, зерттеліп болған жоқ. Бұл зерттеу Үлкен Қаратау жотасында 1998-2020 жылдар аралығында автордың ашып зерттеген жартас суреттерінің жалпы сипаттамасы және оларды мерзімдеудің қазіргі заман талабына сай талдамасын қамтыған еңбек болып табылады. 9.3. Ия.



10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде, академиялық еңбектің стильдік талаптарына сай, техникалық рәсімдеу нормаларын сақтай отырып жазылған еңбек болып табылады. 10. Жоғары
-----	---------------------------	--	--

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

**Мургабаев Сагынбай Серикбаевичтің «Үлкен Қаратау петроглифтері»** тақырыбындағы дайындалған диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғарғы білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларының 2-тармағында көрсетілген диссертациялық талаптарына толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтан, «6D 020800 - Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

**Ресми рецензент:**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық музей» РМҚК  
 Бас ғылыми қызметкері, ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор



**Ж.К.Таймағамбетов**